

FTAXP 65.01.11
ЭОЖ 05.11.45
JEL M 11, Q 18

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-76-89>

А.Н. ЖАНБЫРБАЕВА,*¹
PhD.

*e-mail: zhanbyrbaeva2022@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-9089-1737

Б.С. САУБЕТОВА,²
Э.Ф.К., доцент.

e-mail: zeynegul.yesimkhanova@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-2451-0385

Г.О. БАЙДӘУЛЕТОВА,³
Э.Ф.М.

e-mail: amaniyazova_2020@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-2595-8106

М.Б. ЧЕМИРБАЕВА,⁴
Э.Ф.М., аға оқытушы.

e-mail: kishibekova@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-6337-8057

¹Нархоз университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

⁴әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Аңдатпа

Жалпы алғанда, экономикалық қауіпсіздік халықтың қажеттіліктерін ұлттық экономика сипатында сапалы қанағаттандыруды білдіреді. Бүгінгі таңда басым мәселелердің бірі азық-түлік қауіпсіздігі деп атауға болады. Халықты азық-түлікпен толық қамту, оның өмірлік кезеңдегі белсенділігін анықтайды. Сонымен қатар, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мемлекеттің саяси тәуелсіздігін көрсетеді. Сондықтан, егер бірде-бір мемлекет өз халқының азық-түлік қауіпсіздігін сапалы толық қамтамасыз етуге ұмтылмаса, қауіпсіздіктің басқа да мәселелері, яғни саяси, экономикалық, ұлттық қауіпсіздік туралы айтуға болмайды. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздік мәселесі халықтың жалпы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шарттары болып табылады. Осы тұрғыда мемлекет азық-түлік қауіпсіздігін қамтуда, азық-түлікпен қамтамасыз ету көрсеткіштерін арттыруға, халықтың азық-түлік тауарларына шығындарын азайтуға және тұтынушыларды қауіпсіз өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жоспарларды жүзеге асыруда. Бұл мақалада әлемде болған пандемияның еліміздің экономикалық және азық-түлік қауіпсіздік жағдайына әсер ететін факторлары талданады. Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі қауіптері Қазақстан Республикасына айтарлықтай деңгейде әсерін тигізді. Осы қауіпсіздіктердің кез-келгені мемлекет пен бизнеске байланысты тиісті тұжырымдамалық ұсыныстарды түбегейлі талдауды және іс-шаралар әзірлеуді талап ететіндігін атап өткен жөн. Сол себепті мақаланың мақсаты экономикалық және азық-түлік қауіпсіздік мәселелерін жан-жақты талқылау және қорытындылар жасау болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайын, жай-күйін зерттеу негізінде жүйелік бағытқа бағытталған экономикалық, аналитикалық, статистикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің қорытындылары елдің әлеуметтік және экономикалық дамуы мақсатында, пандемиямен күресу бағытындағы іс-шараларда қолданылуы мүмкін.

Тірек сөздер: экономика, экономикалық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі, басқару, пандемия.

Кіріспе

Жаһандану салдары нарықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде инвесторлар үшін қаржы салу көлемін тиімді үйлестіруге мүмкіншілік береді. Жаһандану айналасында жаңа инновациялық технологияларды ілгерілетуге, жаһандық интеграцияны дамытуға, телекоммуникациялық және көліктік шығын түрлерін азайтуға мүмкіншілік туғызады. Жалпы интеграциялық процесстердің төмен қарқында дамуы, әлеуметтік-экономикалық, техникалық көрсеткіштердің төмендеуіне, сонымен қатар, экономиканың әлсіреуіне әкелуіне байланысты, ел қауіпсіздігіне назар аудару қажеттілігін арттыруды талап етеді.

Экономикалық қауіпсіздік – бұл экономикалық даму көрсеткіштердің тұрақты, жоғары деңгейде өсуін қамтитын жалпы экономиканың жай-күйін зерттейтін ғылыми сала және мемлекеттің экономикалық мүдделерін ішкі және халықаралық деңгейде қорғау, елдің ұлттық ресурстарын пайдалануын бақылау, халықтың экономикалық қажеттіліктерін толық қанағаттандыру, кез-келген қауіптің алдын алу және өндірістің тұрақты жұмыс жасауы үшін қолда бар ресурстарды тиімді қолдану болып табылады.

Бүгінгі таңда ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрылымдарының бірі болатын ұлттың экономикалық қауіпсіздігі басты дәрежелі мәнге ие. Себебі, экономикалық қауіпсіздік басты әлеуметтік және экономикалық шешім қабылдауға бағыт-бағдар береді және әрбір азаматтың мемлекет пен қоғам алдындағы мүдделерін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады [1].

Жалпы Республикамыздың экономикалық қауіпсіздігі – ұлттық экономиканың тұрақты деңгейде ілгерілеуі мен елдің экономикалық тәуелсіздігіне қауіп-қатер тудыратын сыртқы, ішкі жағдайлардан, үрдістерден, факторлардан қорғау қабілетінің және іске асыру тетіктерінің болуында.

Материалдар мен әдістер

Аталған ғылыми мақаланың әдіснамалық негізі теориялық жалпылау және талдау әдістері болып табылады, яғни, бұл азық-түлік қауіпсіздігін басқару жүйесіндегі маңыздылығын анықтауға мүмкіндік берді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің үш жолы көзделеді. Біріншісі – өндірістің тиімділігін арттыру, яғни, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау, сондай-ақ органикалық өнім айналымы мәселелері бойынша өзара іс-қимылды дамыту есебінен мүше мемлекеттердің азық-түлік тәуелсіздігінің деңгейін арттыру.

Екіншісі – ауыл шаруашылығы тауарларын өзара жедел жеткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді, бірлескен салалық іскерлік іс-шараларды жүргізуді, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендердің дамуын ұзақ мерзімді болжау жүйесін пайдалануды одақ елдерінің өзара саудасының әлеуетін іске асыруға бағытталған.

Үшінші – жалпы тәсіл шеңберінде мүше мемлекеттердің бірлескен шаралары үшінші елдерден материалдық-техникалық ресурстардың импортына тәуелділікті төмендетуге бағытталған. Ол үшін одақта селекция мен тұқым шаруашылығын, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, жем өндірудің заманауи технологияларын әзірлеу, саланы ветеринариялық қамтамасыз етуді жетілдіру, бірлескен ҒЗТҚЖ жүргізу және инновациялық жетістіктер саласында тәжірибе алмасу көзделеді.

Осындай дағдарыс жағдайында әлемдік және отандық ғалымдар халықтың азық-түлік қауіпсіздігін сақтау негізінде ғылыми еңбектер жариялады. Қазақстан Республикасының пандемия жағдайында азық-түлік қауіпсіздікке қатысты мәселелерді қалай шешу керектігін, алдын алу шаралары жалпы қалай жүргізілуі керектігін талдау үшін талдамалық және статистикалық әдістер пайдаланылды.

Негізгі ережелер

Мемлекетіміздің саяси, құқықтық, экономикалық салалаларында кез-келген реформаларды сәтті іске асыруда халыққа меншіктің сан түрлі нысандарының сенімді түрдегі кепілдіктерін, жеке тұлғаның бостандықтары мен конституциялық құқықтарын қорғауды басты назарға алу қажет.

Еліміздің экономикасының нарықтық қатынастарға бет бұруы жеке меншікке мемлекеттік монополияның басымдық беруімен тоқтамай, шаруашылықтар жүргізу үшін қағидаттың жаңашыл субъектілерін де қалыптастырды, кәсіпкерліктердің, банк қызметтерінің, жеке меншіктердің ілгерілеуіне әсер етті, осылармен бірге елдің экономикалық қауіпсіздіктерін қамту шараларын өзгертті. Елімізде тұрғындарды азық-түлікпен қамту проблемалары ішкі саяси тұрақтылықтың маңызды факторларының бірегейі болуда, Қазақстанның тұрақты даму деңгейі мен экономикалық жағынан дамуын қаматамыз етудің маңызы елеулі шарты болып, әр уақытта елдің айырықша қарқорлығының объектісі болып табылды. Кейінгі жылдары осы аталған салада атаулы бір жетістікке қол жеткізілді деп айтуға болады. Азық-түлік тауарларының басты түрлері негізінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі жергілікті өндіріспен 80 пайыздан артық қамтылады.

Елдің жалпы азық-түлік қауіпсіздігі бірнеше факторлармен сипатталады. Яғни, ол халық үшін азық-түліктің қолжетімді және нарықтың қанығу дәрежесінің болуы болып табылады. Осы орайда елдің ауыл шаруашылық саласының ішкі нарығының, аталған саланың өнімдерімен толықтай қамтамасыз етуде керекті мүмкіншіліктер мен жағдайларды қарастыру қажет. Яғни, азық-түліктің экономикалық тұрғыдан қол жетімділігі, сондай-ақ, ең бірінші тұрғындардың сатып алу қабілетінің деңгейімен шектеледі. Осы тұрғыда дағдарыстарға қарсы бағдарламалар негізінде Үкімет азық-түлік бағасының қымбаттауын тоқтату, кедендік-тарифтік саясатты ретке келтіру аясында бірқатар шараларды қабылдауды дер кезінде жүзеге асыру қажет.

Әдебиетке шолу

Агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттырудың және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің түрлі жолдарын зерттеу ХХ ғасырдың басында көрініс тапты.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің әртүрлі аспектілері жетекші батыс ғалымдары А. Sousa, J. Dіamon т.б. еңбектерінде жарияланды [2].

Ал, Ресейлік ғалымдар Р.Р. Гумеров, И.А. Кириченко т.б. азық-түлік секторының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелерін жан-жақты саралады [3].

Ал, отандық Ж.Ж. Есжанова, К.Ә. Сағадиев, Р.А. Алшанов, А. Әшімбаева т.б. ғалымдар елдің азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ұйымдастырушылық және экономикалық мәселелерді зерттеуге өз үлестерін қосты [4].

Азық-түлік қауіпсіздігінің теориялық және әдіснамалық мәселелерін еліміздің ғалымдары А.А. Сатыбалдин, Н.К. Нурланова, О.С. Сабден, З.Т. Сатпаева зерттеді. Сонымен қатар, экономикалық қауіпсіздік деңгейі сыртқы және ішкі қауіптерден елдің экономикасын қорғау шаралары, ішінара экономикалық тұрғыдағы тәуелсіздікті сақтаумен қоғамдық қажеттілікті тиімді түрде қанағаттандыру негізін өз жұмыстарында саралады [5].

Сонымен қатар, шет елдік басылымдарда еліміздің зерттеушілері А. Шаймерденова, К. Тиреуов, У. Керимова, Е. Мурсалимова, С.А. Төреқұлов экологиялық және экономикалық қауіпсіздік контекстінде өнеркәсіптік және қалалық аумақтарды дамыту жолдарын зерттеді және Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағыттарына байланысты ғылыми ұсыныстар негіздеді [6, 7].


Әлемдік зерттеу басылымдарында тағы да Г. Мәдиев, У. Керимова, А. Есполов, А. Бекбосынова, Г. Рахимжанова сынды отандық ғалымдар Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық-инновациялық қызметті ынталандыру негіздерін зерттеп, еліміздің осы сала бойынша дамуына үлкен үлестерін қосуда [8].

Сонымен бірге, туындаған дағдарыс жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың әдіснамалық аспектілері жеткілікті зерттелмегенін және қосымша зерттеулерді қажет ететінін атап өткен жөн.

Нәтижелер және талқылау

26.06.1998 жылғы № 233-1 еліміздің «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында әскери, сыртқы, ақпараттық, қоғамдық, ұлттық, экологиялық қауіпсіздіктер секілді ұғымдарымен бекітілген [9].

Экономикалық қауіпсіздік жүйелік білім ретінде келесі негізгі компоненттерді қамтиды (1-сурет):



Сурет 1 – Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі компоненті

Ескертпе: [10] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Экономикалық қауіпсіздік негіздерін сантүрлі зерттеу амалдарын саралау барысында оның тұрақты түрде даму жағдайы, ішкі және сыртқы қауіп түрлерінен қорғау, сонымен қатар, бөлек қамтылған экономика жүйесінің жай-күйін талдауға болады және аталған әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың деңгейлерін қамтуға мүмкіндік туғызады.

1990 ж. экономикалық қауіпсіздіктерді қамтуға негізделген Америкадағы алғашқы бағдарлама меморандумды айтуға болады. Осы аталған құжат АҚШ мемлекетінің технология саласындағы лидерлік негіздерін қорғауға, әлемдік деңгейде экономикалық ілгерілеуін сақтау барысындағы шараларға бағытталған.

Америка елінің экономикалық қауіпсіздікті қамту негізіндегі саясатының басты бағыттары төмендегідей:

- ◆ жергілікті жерлерде өндірілген тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің жоғарғы деңгейі;
- ◆ сауда және экономикалық саладағы ынтымақтастықты дамыту;
- ◆ өзге мемлекеттердегі қарыздарды қысқату;

◆ АҚШ-та елдің экономикалық қауіпсіздіктерінің үйлестірілген түрдегі саясатын даярлау бағытында экономикалық қауіпсіздіктерді басқарудың маңызды механизмін жасай алатын ведомствоаралық жұмысшылар топтары құрылып жұмыстарын атқарды [11].

Жапон елінің ұлттық қауіпсіздікті басқару негізіндегі басты құжаты – ол ұлттық қауіпсіздіктерді кешенді түрде қамту докторинасы болып табылады, яғни, бұл құжат ХХ ғасырдың бас жағында қабылданған. Аталған докторина экономика саласының серпінді түрде дамуына, ұлттық қауіпсіздіктің соғыстан кейінгі кезеңіндегі саясатына бағытталған. Жапония мемлекетінің табиғи ресурсының шектеулілігіне байланысты өзге шет елдермен сауда, ғылыми, техникалық ынтымақтастықтарына көшу негізінде шешімдер қабылданып, жүзеге асты. 1968 ж. аталған елде аталған докторинаның жетістігі ретінде өнеркәсіптік өндірістер көлемі көшбасшы 20 мемлекеттің қатарына енді және бұл жағдай сол уақыттағы ұлттық қауіпсіздік саясатына басты басымдық болуға үлкен мүмкіншілік туғызды [12].

Біздің мемлекетіміз қазіргі уақытта қарқынды түрде даму үсітіндегі мемлекеттер қатарында деп есептеуге болады. Яғни, Еуразиялық Одақтағы мемлекеттердің тәжірибесінде экономикалық сипаттағы қауіпсіздіктің қағидаттарын қалыпқа келтіруді қамтиды. Қазақстанның Еуразиялық Одаққа енуі қатысқан мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігін жаңашыл түрде қалыпқа келтіруге мүмкіншілік туғызды. Мысалға алатын болсақ, ҚР Еуразиялық экономикалық Одақ негізіндегі экономикалық қауіпсіздіктерінің басты қағидаты төменде көрсетілгендей:

1. Еуразиялық экономикалық одақтағы бірыңғай құқықтық саясатын жүзеге асыру, яғни, «заңнаманы біріздендіру» қағидаты.

2. Тауардың, қызметтің, капиталдың, жұмыс күшінің еркін түрдегі қозғалыс деңгейі – ол «төрт еркін қағидаты» деп аталады.

3. Еуразиялық экономикалық одақтағы енген мемлекеттер арасындағы тең құқылы шаралар, яғни «мемлекеттердің тең құқылы қағидаты». Ол мемлекеттердің саяси және даму деңгейіне байланысты болмайды.

Жалпы алғанда мемлекеттердегі экономикалық қауіпсіздік жағдайы төменде берілгендей болады:

1. Қаржылық қауіпсіздік дегеніміз мемлекеттің тұрақтылығын, дербестігін, бірегейлігін жүзеге асыруға негізделген уақытта пайда болатын немесе қауіп-қатердің алды алу мақсатындағы қаржы жүйелерін қорғауды айтамыз.

2. Азық-түлік қауіпсіздігі – экономика саласындағы агроөнеркәсіптік кешендерде болатын немесе алда болуы ықтимал қауіптен қорғауға негізделген.

3. Энергетикалық қауіпсіздік деп атом, отын, энергетика, мұнай мен газ кешендерінде пайда болатын немесе болу жағдайы мүмкін қауіптерден қорғауды айтамыз.

4. Көлік қауіпсіздігі – яғни, көлік салаларында болатын және болуы ықтимал қауіпті айтуға болады.

Әлеуметтік және экономикалық ілгерілеуге жету мақсатында басты шарттар мен факторларды үйлестіру керек. Осы факторлар экономикаға теріс немесе оң әсер етуі ықтимал. Елдің экономикалық даму жағынан аталған зерттеудің қорытындысына теріс әсер ететін факторларды қарастыруды талап етуде. Мемлекеттің экономикалық қауіп-қатерін қамтамасыз ету негізінде аталған қауіптің пайда болу себеп-салдарын, құрамын, мәнін сипаттауға мүмкіншілік туғызатын қауіптерді немесе факторларды анықтау керек. Әрбір мемлекеттердің теріс әсер ететін құбылыстардың салдарына ұшырайтынын және сыртқы, ішкі қауіп-қатерлерден сақтандыру деңгейі төмен болатынын айтуға болады [13].

Өзге мемлекеттермен салыстырғанда сырқы қауіптер әлемдік деңгейде дамуды тоқтататын, яғни, елдің экономикасының даму деңгейін тежейтін факторлардың жиыны болып табылатындығында.

Ал ішкі қауіптер елдің экономикалық жай-күйін дамытуға қабілеттілігінің төмендігі, қоғам арасындағы әлеуметтік қатығыстарының жағдайы, мемлекеттік реттеу әдістерінің әлсіз күйі, инновациялық тұрғыдағы дамудың нашарлығы болып табылады.

Жалпы алғанда азық-түлік қауіпсіздігі қай кезде болмасын, яғни, коронавирус болмаған уақытта да елеулі проблемалардың бірегейі болған. Әлемдегі 9 адамның әрқайсысына шамамен айтқанда 820 миллионнан астам тұрғын тамақ тапшылығынан зардап шегуде. Оның арасында 113 миллион тұрғын ауыр аштықта өмір сүреді. Әлемдегі пандемия осы аталған көрсеткіштер деңгейінің одан ары өсуіне себеп болды. Пандемияға себепті азық-түлік дағдарыстарына зер салудың әрбір маңызды шаралардың болмауын саралауды талап етеді, елміздің ұлттық, жаһандық азық-түлік жүйелерімізді қайтадан құрылымдауымыз керек. Азықты өндірушілер тарапы бізге қол жетімді және сапасы жағынан жоғары азық-түлікпен қамтуға кепілдік берулері керек.

Осы аталған дағдарыс біздің мемлекетіміздің азық-түліктің қауіпсіздік жағдайын бағалау мақсатында өзекті себеп болды. Қазақстан адам басына шаққандағы калория жағынан, көлемі тұрғысынан астықтарды экспорттаушы мемлекеттердің қатарында. 2020 жылғы мәлімет бойынша еліміздегі импорт 3,5 млрд доллар, экспорт 2,5 млрд доллар болды. Ал, мал шаруашылық, өсімдік өнімдері жуықтай алғанда 1,6 млрд долларға жетті. Бидайдың экспорты 1,8 млрд доллар, дайын тамақ өнімі 390 млн долларды құрайды.

Азық-түліктердің энергетикалық құндылығы елдің ішкі сұранысын толықтай қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда астықты 20 пайыздан бастап, 50 пайызға дейін экспортқа шығарады. Дегенмен бұл көрсеткіштер бидай экспорты бойынша есептелген, басқа да астық түрлерінің экспорты туралы көрсеткіштер нақты емес. Еліміз дайын тамақ өнімімен төмен деңгейдегі көрсеткішпен қамтылады. Мәселен, Қазақстанда 97% қалпына келтірілетін сүт өнімімен қамтылған, бірақ сүтті даярлауға керекті құрғақ сүттің барлығы Беларусь пен Ресей мемлекетінен экспортталады. Ұн, жармалармен толығымен қамтамасыз етілсе де, бірақ балық, жеміс консервілері, көкөністердің көлемі жағынан елімізде жеткіліксіз болуда.

Пандемияның әсері Қазақстанда ең алдымен мұнайдың бағасының төмендеп кетуіне ықпалын тигізді. S&P халықаралық рейтингтік агенттігінің мәліметтері негізінде мұнай және газ саласы еліміздің ЖІӨ-ң 15%-ын құрайды, яғни, ол бюджет түсімінің 40%-ын қамтиды. Қазақстан Республикасының ең ірі салық төлеуші 30 ірі компаниясының 18-і осы аталған сектордың үлесі болып табылуда. Егер де қара алтынымыздың осы уақыттағы бағасы сақталатын болса, мұнай-газ секторының экспорты 3 есеге дейін төмендеуі мүмкін [14].

Мысалға алатын болсақ, елдегі бизнес қауымдастығында наурыздағы төтенше жағдай жарияланған уақытта теңгенің әлсіреуі мен мұнай секторындағы нарықтық төмендеуі көптеген саланың жағдайының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Сонымен бірге, халық табысының төмендеуіне, жұмысшылардың уақыттарының қысқарып қалуына, кәсіпорындардың тоқтауына байланысты көлікке деген сұраныс артты деп болжам жасауға болады.

Азық-түлікке деген қауіпсіздік шараларын қамту әлемдік аренаның күнделікті сұрақтарының бірі болып табылуда.

Бұл мәселе COVID-19 пандемиясымен байланысты қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайдың нәтижесінде ерекше сезімтал болды, ол халықты сапалы және қауіпсіз азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз ету төтенше жағдайлар кезінде тұрақтылықты сақтаудың негізгі міндеттерінің бірі және құралы болып қала беретінін анық көрсетті. 2020 ж. The Economist зерттеу және талдау бөлімшесінің мәліметтері бойынша әлемнің 113 елі арасында азық-түлік қауіпсіздігі рейтингінің көшбасшысы Финляндия болды. Елдің интегралдық индексі азық-түліктің жоғары стандарттарын, азық-түліктің қауіпсіздігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету есебінен 85,3%-ды құрады [15].

2014–2020 жж. кезеңінде ЕАЭО мемлекеттері азық-түлік көрсеткішінің аса жоғары өсімін көрсететін бестікке кірді. Мәселен, Ресейде –73,7%, Белоруссияда –73,8%, Қазақстанда – 70,8% құрады.

Сонымен қатар, қарастырылып отырған кезеңде Одақ елдерінде азық-түліктің қолжетімділігі, сондай-ақ сапасы мен қауіпсіздігі көрсеткіштері азық-түлік қауіпсіздігінің интегралдық индексімен қатар ұқсас әлемдік орташа мәндерден тұрақты түрде асып түсті.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Беларусь жаһандық рейтингте 36-орынға ие болды, 41-орын – Қазақстан, 23-орын – Ресей.

Айта кету керек, азық-түлік қауіпсіздігін мүше мемлекеттер негізінен ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түліктің өзіндік өндірісі арқылы азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан қарастырады.

ЕАЭО елдерінің әрқайсысында азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін нысаналы бағдарларды айқындайтын ұлттық стратегиялық құжаттар жұмыс істейді. Сол себепті республикамызда азық-түлікке деген қауіпсіздік сұрақтары агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық аймақтарды дамыту мемлекет тарапынан реттеу шаралары, ұлттық қауіпсіздік туралы заңдармен реттеліп басқарылады.

2015–2021 жж. кезеңінде одақ бойынша жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің өсімі 12%-ды құрады. Бұл көрсеткіш Қазақстанда – 16% және Ресейде – 13% ең жоғары мәнге жетті.

Сауда көрсеткіштері де қарастырылып отырған 6 жыл ішінде оң динамикаға ие болды. Мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлікті өзара жеткізуі 1,7 есе, экспорт 2 еседен астам өсті.

Қалыптасқан үрдістер одақтың ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің негізгі түрлерімен қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға ықпал етті. Мүше мемлекеттердің сұранысы мен ұсынысының бірлескен балансына сәйкес, бұл көрсеткіш 2021 ж. 93%-ды құрады.

Одақ елінің дәні, өсімдік майы, шошқа еті, қой еті, қант, жұмыртқасы сияқты тауарлар бойынша өз өндірісі есебінен халықтың сұранысын жабады. Үшінші елдерден ЕАЭО-ға табиғи-климаттық жағдайларға байланысты өндірілмейтін тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері ғана әкелінеді. Бұл тропикалық жемістер, жаңғақтар, зәйтүн майы, кофе, какао бұршақтары және т.б. мұндай тауарлардың жалпы импорты шамамен 20%-ды құрайды. Елдер үшін дәстүрлі «бестік» ауыл шаруашылығы өніміне келетін болсақ, одақта жемістер мен жидектердің тапшылығы байқалады, олардың өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі небәрі 46%-ды құрады.

Сонымен қатар, агроазық-түлік өнімдерінің негізгі түрлері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етудің жоғары көрсеткіштеріне қарамастан, қазіргі уақытта одақтың ішкі нарығына өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы үшін жоғары технологиялық өндіріс құралдарының едәуір саны импортталатынын атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта максималды өнімділік пен рентабельділікке қол жеткізу үшін көптеген өндірушілер импортталған будандар мен жаһандық тұқымдарды пайдалануға көшуде, жергілікті өсіру жағдайларына бейімделген және бірегей сипаттамалары бар ауылшаруашылық жануарлары мен құстарының бастапқы сызықтары мен дәстүрлі өсірілетін тұқымдарын жоғалтуда.

Одаққа мүше мемлекеттерде, өкінішке орай, құс шаруашылығы осындай мысал бола алады. Нәтижесінде бұл толық импорттық тәуелділікке алып келеді және ЕАЭО-да құс еті бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізуге қауіп төндіреді.

Бұдан басқа, мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің арасында мал шаруашылығына арналған жабдықтар, атап айтқанда, жемшөп жинау және жемшөп дайындау кешендері, сондай-ақ ветеринариялық препараттар жоғары сұранысқа ие.

Болашақта осы салалардағы мүше мемлекеттердің заңнамасын біріздендіру бойынша ұлттық және өңірлік деңгейлерде шаралар қабылдау қажет.

Отандық инновациялық шешімдерді әзірлеуге 2025 жылға дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешені саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік – конструкторлық жұмыстары жүргізілуде. Оған жаңа жоғары өнімді сорттарды, жемшөптерді алу, жайылымдарды ұтымды пайдалану, жердің құнарлылығын, экологиялық жай-күйін бағалау, ресурс үнемдеуші және цифрлық технологияларды құруға және қолдануға байланысты зерттеулер кірді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге аграрлық секторды қолдаудың тиімділігін арттыру бойынша шаралар ұсынылады.

Осыған байланысты ұлттық деңгейде мүше мемлекеттердің өз азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне, еркін бәсекелестік ережелерін сақтауға және Одақ шеңберінде өзара сауданы дамытуға байланысты белгілі бір жанжал туындайды.

Мұндай жағдайлар объективті себептермен, мысалы, табиғи-климаттық жағдайларға байланысты жалпы аграрлық нарықта бәсекеге қабілеттілігі төмен ЕАЭО-ның жекелеген елдерінің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне қолайсыз жағдай туғызады. Армения одаққа мүше мемлекеттерден өсімдік майын жеткізуге толықтай тәуелді, өйткені елде күнбағыс өсірілмейді. Біздің еліміз Қазақстанда қант қызылшасы өндірісінің жеткіліксіз көлеміне байланысты қант бойынша да осындай жағдай қалыптасты.

Мүше мемлекеттер отандық өндіріс есебінен тауарлардың белгілі бір топтары бойынша азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ете алмаған жағдайда, олар ауыл шаруашылығы мен тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібін мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын қолдануға, сол арқылы өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға немесе кедендік-тарифтік немесе тарифтік емес реттеу арқылы түрлі шектеулер енгізуге мәжбүр болады.

Осындай біржақты шектеулерді мүше мемлекеттер қолайсыз экономикалық жағдай туындаған кезде де белгілеуі мүмкін. 2020 ж. COVID-19 пандемиясының басталуынан бастап осы уақытқа дейін Одақ елдері әртүрлі кезеңділікпен, оның ішінде Одақ деңгейіндегі өзара сауда шеңберінде өнім жеткізуді реттеудің ұлттық шараларын енгізді.

Мысалы, 2021 ж. ішінде Беларусь елден астықтың жекелеген түрлерін, яғни, бидай, қара бидай, арпа, сұлы және басқалары, Қазақстан – ұсақ және ірі қара малдың аналық басын, Ресей – қарақұмықты әкетуге уақытша тыйым салды.

Осыған байланысты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері мүше мемлекеттерге ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін жеткізу және өткізу бойынша белгілі бір кепілдіктер бере отырып, ұлттықтан жоғары деңгейде көзделуге тиіс.


Сондай-ақ, мүше мемлекеттер Одақтың жалпы аграрлық нарығында кемсітушілікке жол бермеуді қамтамасыз етеді.

Жыл сайын өндірушілердің орташа бағалары мен тұтыну бағалары, экспорт, импорт және өзара сауда, тұтынылған өнімдердің калориялығы негізінде жан басына шаққандағы жалпы ішкі өндіріс бойынша келісілген көрсеткіштер негізінде ауыл шаруашылығы өнімімен және азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне мониторингті жүзеге асыратын болады.

Сонымен бұл саладағы жүйелі тәсіл ЕАЭО-ның ортақ аграрлық нарығын қауіпсіз ауыл шаруашылығы өнімімен және азық-түлікпен қанықтыру, өзара сауданы дамыту, Одақ елдерінің ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қатерлерін анықтау үшін қажетті жағдайлар жасауға ықпал ететін болады. Бұл мүше мемлекеттерге ұжымдық негізде туындайтын сын-қатерлерге қарсы тұруға, азық-түлік тауарлары тапшылығының туындау қаупін барынша азайтуға мүмкіндік береді [16].

Жалпы қарағанда пандемия Орта Азия халқына азық-түлікке деген тапшылық қауіптерін туғызбады. Осы орайда дүниежүзілік банк ауыл шаруашылық проблемалары аясындағы экономистер аймақтағы елдердің пандемия уақытында тұрғындарға тамақ өнімдерін тұрақты түрде жеткізуді басты назарға алып, бақылап отырды. Орталық Азия мемлекеттері аталған саланың қауіпсіздігін нығайту мақсатында аграрлық секторға қатысты шараларды дер кезінде қабылдап отырды. Аймақ үкіметтері тамақ өнімдерінің мемлекеттік резервтерін жүзеге асырды. Өзбекстаннан өзге мемлекеттер жеміс пен көкөніс өнімінің экспорттына шектеу қоймады. Импорттық тамақ өнімдерінің тарифін түсіру есебінен азық-түліктің бағасын төмендетуге тырысты. Сонымен қатар үкімет ауыл шаруашылық өнімін аймақтарға тасымалдауға, осы саладағы қызметкерлердің жүріп тұруына шектеулерді жеңілдетті және ауылшаруашылық кәсіпорындарының, фермерлердің несиелері мен ынталандыратын өзге де жеңілдіктерін төлеуді артқа шегерді. Сонымен қатар, халықтың әлжуаз топтарына арналған әлеуметтік бағдарламаларға негізделген бюджет көлемі өсті.

Аз уақыт ішінде ҚР жеміс пен көкөніске сұраныстың төмендеуі, тамақ өнімдерін ішкі тұтыну деңгейінің төмендеуі, тұрғындардың сатып алу қабілеттерінің жалпы нашарлауы байқалды.



Сурет 2 – Орта Азия елдерінің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының


Ескертпе: [17] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Аймақ өкілдіктерінің 2020 ж. шұғыл жасалған сауалнама нәтижесінде Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттерінде балық, ет, сүт, көкөніс, картоп, бидай өнімдері көп шығындарға ұшырады. Көшенің бойындағы базарда саудамен айналысатын фермерлер, дәмханалар, тамақ өнімдерін жеткізушілер барынша зардап шекті. Жеткізушілер тізбегінің де сату көрсеткіші төмендеді және тұтынушылар да аз мөлшерде тамақ өнімдерін сатып алды.

Орта Азия мемлекеттеріндегі агроөнеркәсіптік сала және тамақты тұтынушылар дағдарыстың маңызды көрсеткіші аймақтардың ішкі мәселелері мен айырмашылықтарынан туады.

Жалпы аталған мемлекеттердің экономикасында ауыл шаруашылығы маңызды рөл атқарады. Еліміздің ұн мен бидайға тәуелді экспорттық квоталары үлкен көлемдегі аймақтық ықпалға ие болуда. Орталық Азия елдерінің бидай мен ұн импортының 90 пайызы біздің елімізге тиесілі.

Аймақ тұрғындарының тамаққа жұмсайтын шығындарының көлемі жоғары болып табылады, демек, 40–60%-ы тиесілі, яғни, бағаның жоғарылауына септігін тигізеді. Коронавирус негізінен өңірлердегі кедей тұрғындар санының өсуіне әкеп соқтырды. Дүниежүзілік банктің пайымдарына сүйенсек, кедей адамдар саны 2,6 миллионға жетеді деген болжамдар айтылуда. Яғни, бұл жағдай өңір халқының сатып алу қабілеттерін одан ары нашарлатады.



Сурет 3 – Тұрғындардың табысының азық-түлікке кететін мөлшері

Ескертпе: [17] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Әлемдік банк қызметкерлерінің баға беруі негізінде осы пандемия Орталық Азия халқының азық-түлік қауіпсіздігіне түбегейлі ықпалын тигізді. Оның әсері әсіресе Тәжікстан мен Қырғыз Республикасында елеулі байқалды. Қазақстан, Өзбекстан елдерінде аз мөлшерде әсер етті.

Біздің еліміз осы коронавирустық пандемияға негізделген дағдарысқа қарамай, агроөнеркәсіптік кешеннің өнімдерінің тұрақтылығын сақтады. Көрсеткіштерге сүйенсек, ЖІӨ көлемі 2,2%-ға, тамақ өндірісі 2,4%-ға ұлғайды.

Бүгінгі таңда мемлекетіміз өзіміздің өндірісімізден күнделікті қажетті азықтармен толық түрде қамти алады. 2020 жылғы көрсеткіш бойынша ауыл шаруашылығы секторының жалпы өнімдерінің өсуі 0,9%-ды жеткені белгілі, яғни, ол 5,2 трлн сумманы құрады.

Біздің мемлекетіміздің экспорттық потенциалы шартты түрде уақыт ағымына қарай артуда. Мысалы, 2020 жылғы көрсеткіш бойынша АӨК өнімінің экспорты 6,5%-ға артты және ол 3,3 млрд доллар болды. Қытай (50,5%), Орталық Азия (7,4%), ЕАЭО (8,2%) мемлекеттеріне өнімдерді жеткізу барынша артты.

Жалпы республикамыздың аймақтық азық-түлік қауіпсіздігін қамтудың жоғары деңгейлері көптеген факторға тәуелді. Демек, бұл мемлекетіміздің ауыл шаруашылық саласының өнімін үлкен көлемдік деңгейде өндіруімен қатар, оны көршілес жатқан елдерге және алыс орналасқан мемлекеттерге экспортталуында.

Коронавирус кезеңінде аграрлық секторлардың басым мәселелеріне көптеген тұжырымдамалар жасауға мүмкіншілік туғызды. Ең бастысы АӨК өнімдерін қайтадан өңдеуге инвестициялау керектігін айқындады.

Осы дағдарыс уақытында ауыл шаруашылық өнімдерін түрлерін, қырыққабатты экспортқа шығару біраз қиындықтар туғызды. Осы орайда өнімдерді сатып алу барысы мен қайтадан

өндеудің саласы тиімді түрде жүргізілсе, фермерлер арасында бірқатар кедергі келтіретін факторлардан арылуға болады.

Өнімдерді тиімді сақтау, логистика саласы, тұтынушыларға өнімдерді сапалы жеткізу жүйесі әлі де болса қажеттілікті талап етеді. Қырыққабат өнімін экспортқа шығару кезінде аймақтарда термоқаптардың жетіспеушілігінен фермерлердің шығындарының артуына үлкен себеп болуда.

Жергілікті фермерлердің тағы бір мәселесі аграрлық секторда біліктілігі бар қызметкерлердің жоқтығы және бактериологиялық қауіптерде өнімдердің сапаларына жаңашыл талап, тексеру, стандарт, рәсімдер ендіру негізінде мемлекеттердің қорғау шараларының күшеюі болып табылады. Бұл аталған талаптар фермерлердің шығындарын ұлғайтуға әкеледі. Яғни, бұл жерде ғылыми негізде тәжірибе алмасу жеткіліксіздігі көрінеді.

Сонымен қатар заман талабына сай цифрландырумен, ақпараттық жүйелермен жабдықталмаған жаңа піскен жемістер, көкөністер шығын қауіпінің алдында тұрады. Сол себепті, тұрғындарды сапасы өніммен қамту үшін және фермерлер өз шығындарын азайту үшін жаңа инновациялық технологияларға барынша бет бұруы керек [18].

Corteva Agriscience қолдауымен The Economist Intelligence Unit сарапшыларының зерттеуі негізінде Қазақстан Республикасы 2019 жылдағы статистикалық мәліметтер бойынша өз деңгейін 16 тармаққа көтерді, яғни, бұл 2020 ж. азық-түлік қауіпсіздігі 113 орынның арасынан 32-ші орынға шықты. Демек осы зерттеулердің рейтингінде біздің еліміз жақсару мақсатындағы оң серпін көрсеткен мемлекет болып табылды. Тұтынушылар үшін тамақ өнімдерінің сапасы, қауіпсіздігі, қолжетімді болуы секілді көрсеткіштердің жағымды оң динамикасы көрінді және АӨК саласындағы ғылыми зерттеулер мен ауыл шаруашылығының инфрақұрылым динамикасы да жақсарғаны байқалды [19].

Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасы өмірлік керекті тағам өнімдері негізінде өзін толықтай қамти алатын ел деп айтуға болады. Дей тұрғанмен, тамақтанудың сантүрлілігіне қарайтын болсақ, мемлекетіміз әлі де болса импортқа тәуелді болуда. Яғни, бұл жағдай импорттық өнімдердің логистикасының сауда-саттық тізбектерінің бұзылып кетуіне және өнім түрлерінің қолжетімділігіне қиындық туғызып, бағаларының көтерілуіне әкеліп соқтырады.

Әлемдік түрлендіру негізінде экономикалық қауіпсіздік жағдайы ұлттық экономиканың сантүрлі деструктивті түрдегі әсерлерге төзімділігі емес, жаһандық экономикалық салаға интеграциялау, даму деңгейлерімен анықталады. Экономикалық қауіпсіздікке кедергі келтіретін, яғни, жаһандық тұрақсыздықты бұзатын ғаламдық қаржы дағдарыстары, санкция салатын саясат, сауда, қаржы, ұлттық экономиканың жоғары технологиялық өнімнің импортына тәуелді болуы, валюта бағамының тұрақсыздығы, білікті мамандардың елден кетуі сияқты факторлар болып табылады [20].

Қорытынды

Жалпы саралай отырып, экономика саласының қауіпсіздігін тереңірек зерттеп, қорытынды шығаруды талап ететіндігін баса айту керек. Демек, осы орайда экономикалық қауіпсіздік мәселесін зерттеудің жолдарын, дамыту шараларын анықтаған жөн. Сол себепті мемлекетіміздің азық-түлікке деген қауіпсіздік шараларына әрбір азамат өзіндік үлестерін қосуға ат салысу қажет.

Зерттелген мәселеге қорытынды жасай келе, біршама ұсыныстар да берілді:

- ♦ ауыл шаруашылығы секторының өнімдерін өндіруді, өндеуді, сақтауды, жеткізуді, өткізуді жалпы экономикалық қатынастар жүйесін жетілдіріп жаңғырту;

- ♦ АӨК ұсақ тауарлы өнімдерден мамандандырылған ірі және орта тауарлы өнімдерге көшу, сонымен бірге мал және өсімдік шаруашылықтарының өнімдерін өнеркәсіптік өндіріске айналдыруды ынталандыру;

- ♦ мемлекеттің төлемдерді төлеуге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ, сыртқы және ішкі нарықтағы еліміздің тамақ өндірісінің бәсекеге қабілеттіліктерін жоғарылату бағыттарында аталған сектордың өнімдерінің бағасын нарықтық және мемлекеттік тұрғыда реттеуді оңтайлы түрде ықшамдастыруды қамту;

♦ ауыл шаруашылық секторындағы кәсіпкерлерге осы саланы дамыту негізінде барлық нормаларды, талаптарды сақтаған жағдайда тиімді бағыттағы салықтар салу, мемлекеттік жеңілдіктер беру;

♦ ТМД мемлекеттерімен бірігіп бірыңғай азық-түлікке қатысты нарық құрып, кедендік баж салығы мен түрлі алымдардан баяу түрде бас тарту;

♦ ТМД елдерінің аумақтары бойынша жүкті транзиттеу негізінде теміржолға қатысты тарифтерді ретке келтіру, осы тұрғыда Қазақстанның экспорттық астық потенциалын көтеру.

Жалпы мақаланы зерттеп қорытындылай келе, экономика саласының қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етудің механизмінің мақсаты осы аталған саланың қауіпсіздігінің сыртқы және ішкі қауіптеріне қарсы тұру үшін, сонымен қатар, тұрғындар үшін экономикалық, әлеуметтік, саяси, әскери тұрақтылықты қамтитын көлемді кешен құру болып табылады. Яғни, осы дағдарыстың салдарынан жалпылама алғанда барлық экономикалық салалардың қауіпсіздіктеріне теріс ықпалдарын тигізді. Пандемиядан кейін экономика тұрақтану үшін біршама айлар мен жылдар және үкімет тарапынан жүйелі реформалар мен басқаруларды талап ететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Спанов М.У. Экономическая безопасность: опыт системного анализа. – Алматы: Қазақстан даму институті, 2009. – 206 с.

2 De Sousa A., Diamon J. The five hotspots where food prices are getting people worried. Bloomberg Wealth. Feb. 28, 2021. URL: <https://www.bloomberg.com/news/articles/2021-02-28/the-five-hotspots-where-food-prices-are-getting-people-worried?srnd=premium-europe&srref=Y 0jVLCFo>

3 Гумеров Р.Р., Кириченко И.А. Управление рисками в системе обеспечения продовольственной безопасности Российской Федерации // Мир новой экономики. – 2021. – № 15(4). – С. 41–47.

4 Есжанова Ж.Ж., Ермакбаева Д.Д., Мырзаева У.А. Оценка продовольственной безопасности Казахстана в условиях кризиса Covid 19 // Economics: the strategy and practice. 2021. No. 16(2). P. 145–153.

5 Стратегия экономической безопасности и социальной стабильности Казахстана: коллективная монография / Под ред. академика НАН РК А.А. Сатыбалдина. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2019. – 740 с.

6 Shaimerdenova A., Tireuov K., Kerimova U., Mursalimova E. Development of industrial and urban areas in the context of ecological and economic security // Journal of Environmental Management and Tourism. 2020. No. 11(1). P. 65–72.

7 Tireuov K.M., Kerimova U.K., Turekulov S.A. Ways to improve the competitiveness of agricultural production in Kazakhstan // Journal of Advanced Research in Law and Economics. 2020. No. 11(2). P. 613–618.

8 Madiyev G., Kerimova, U., Yespolov A., Bekbossynova A., Rakhimzhanova G. Fostering investment-innovative activity within the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan // Journal of Environmental Management and Tourism. 2018. No. 9(3). P. 533–541.

9 Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы заңы. 6.01.2012 ж. № 527-IV. URL: <https://adilet.zan.kz/> (өтініш берілген күн: 11.03.2022)

10 Мухамеджанова Д.Ш. Казахстан и международные интеграционные процессы: монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 200 с.

11 Арыстанбеков К. Государственное обеспечение экономической безопасности в США // Фемида. – 2015. – № 8. – С. 58–60.

12 Колупаев В.А. Формирование концепции национальной экономической безопасности в зарубежных странах. – Минск, 2015. – № 12. – С. 2–9.

13 Чувилова О.Н., Романюта И.В., Берсей Д.Д. и др. Региональные аспекты экономической безопасности страны в условиях глобализации: монография. – М.: Проспект, 2016. – 94 с.

14 Продовольственная безопасность республики Казахстан: современное состояние, проблемы. URL: www.cabar.asia.kz (дата обращения: 02.01.2022)

15 Kantarbayeva S.M., Kaiyrbayeva A.Y., Rakhimzhanova G.M., Mykhybayev M.S. On the development perspectives of the Kazakhstan agro-sector // Journal of Advanced Research in Law and Economics. 2020. No. 11(2). P. 410–419.

16 Продовольственная безопасность в Евразийском экономическом союзе: проблемы и пути решения. URL: <https://eec.eaunion.org/news/speech/> (өтініш берілген күн: 05.04.2022)

17 Как COVID-19 влияет на продовольственную безопасность Казахстана. URL: www.kapital.kz (өтініш берілген күн: 07.04.2022)

- 18 Продовольственная безопасность в приоритете государства. URL: www.kisi.kz (өтініш берілген күн: 05.05.2022)
- 19 Гончаренко Л.П. Экономическая безопасность: учебник для вузов / под ред. Ф.В. Акулинина. – М.: Российский экономический университет имени Г.В. Плеханова, 2018. – 478 с.
- 20 Калиев Г.А., Молдашев А.Б. Вопросы продовольственной безопасности Казахстана // Проблемы агрорынка. – 2021 – № 4(4). – С. 13–22.

REFERENCES

- 1 Spanov M.U. (2009) Jekonomicheskaja bezopasnost': opyt sistemnogo analiza. – Almaty: Kazakstan damu instituti, 206 p. (In Russian).
- 2 De Sousa A., Diamon J. (2021) The five hotspots where food prices are getting people worried. Bloomberg Wealth. Feb. 28. URL: <https://www.bloomberg.com/news/articles/2021-02-28/the-five-hotspots-where-food-prices-are-getting-people-worried?srnd=premium-europe&sref=Y 0jVLcFo>. (In English).
- 3 Gumerov R.R., Kirichenko I.A. (2021) Upravlenie riskami v sisteme obespechenija prodovol'stvennoj bezopasnosti Rossijskoj Federacii // Mir novoj jekonomiki. No. 15(4). P. 41–47. (In Russian).
- 4 Eszhanova Zh.Zh., Ermekbaeva D.D., Myrzaeva U.A. (2021) Ocenka prodovol'stvennoj bezopasnosti Kazahstana v uslovijah krizisa Covid 19 // Economics: the strategy and practice. No. 16(2). P. 145–153. (In Russian).
- 5 Strategija jekonomicheskoy bezopasnosti i social'noj stabil'nosti Kazahstana: kollektivnaja monografija / Pod red. akademika NAN RK A.A. Satybaldina. – Almaty: Institut jekonomiki KN MON RK, 2019. 740 p. (In Russian).
- 6 Shaimerdenova A., Tireuov K., Kerimova U., Mursalimova E. (2020) Development of industrial and urban areas in the context of ecological and economic security // Journal of Environmental Management and Tourism. No. 11(1). P. 65–72. (In English).
- 7 Tireuov K.M., Kerimova U.K., Turekulov S.A. (2020) Ways to improve the competitiveness of agricultural production in Kazakhstan // Journal of Advanced Research in Law and Economics. No. 11(2). P. 613–618. (In English).
- 8 Madiyev G., Kerimova, U., Yespolov A., Bekbossynova A., Rakhimzhanova G. (2018) Fostering investment-innovative activity within the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan // Journal of Environmental Management and Tourism. No. 9(3). P. 533–541. (In English).
- 9 Qazaqstan Respublikasynyñ ultiq qaupsızdıǵı turaly zañy. 6.01.2012 j. No. 527-IV. URL: <https://adilet.zan.kz/> (ötiniş berilgen күн: 11.03.2022). (In Kazakh).
- 10 Muhamedzhanova D.Sh. (2011) Kazahstan i mezhdunarodnye integracionnye processy: monografija. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 200 p. (In Russian).
- 11 Arystanbekov K. (2015) Gosudarstvennoe obespechenie jekonomicheskoy bezopasnosti v SShA // Femida. No. 8. P. 58–60. (In Russian).
- 12 Kolupaev V.A. (2015) Formirovanie koncepcii nacional'noj jekonomicheskoy bezopasnosti v zarubezhnyh stranah. Minsk. No. 12. P. 2–9. (In Russian).
- 13 Chuvilova O.N., Romanjuta I.V., Bersej D.D. i dr. (2016) Regional'nye aspekty jekonomicheskoy bezopasnosti strany v uslovijah globalizacii: monografija. M.: Prospekt, 94 p. (In Russian).
- 14 Prodovol'stvennaja bezopasnost' respubliki Kazahstan: sovremennoe sostojanie, problemy. URL: www.cabar.asia.kz (data obrashhenija: 02.01.2022). (In Russian).
- 15 Kantarbayeva S.M., Kaiyrbayeva A.Y., Rakhimzhanova G.M., Mykhybayev M.S. (2020) On the development perspectives of the Kazakhstan agro-sector // Journal of Advanced Research in Law and Economics. No. 11(2). P. 410–419. (In English).
- 16 Prodovol'stvennaja bezopasnost' v Evrazijskom jekonomicheskom sojuze: problemy i puti reshenija. URL: <https://eec.eaeunion.org/news/speech/> (ötinish berilgen күн: 05.04.2022). (In Russian).
- 17 Kak COVID-19 vlijaet na prodovol'stvennuju bezopasnost' Kazahstana. URL: www.kapital.kz/ (ötinish berilgen күн: 07.04.2022). (In Russian).
- 18 Prodovol'stvennaja bezopasnost' v prioritete gosudarstva. URL: www.kisi.kz (ötinish berilgen күн: 05.05.2022). (In Russian).
- 19 Goncharenko L.P. (2018) Jekonomicheskaja bezopasnost': uchebnik dlja vuzov / pod red. F.V. Akulinina. – M.: Rossijskij jekonomicheskij universitet imeni G.V. Plehanova, 478 p. (In Russian).
- 20 Kaliev G.A., Moldashev A.B. (2021) Voprosy prodovol'stvennoj bezopasnosti Kazahstana // Problemy agrorыnka. No. 4(4). P. 13–22. (In Russian).

А.Н. ЖАНБЫРБАЕВА,*¹

PhD.

*e-mail: zhanbyrbaeva2022@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9089-1737

Б.С. САУБЕТОВА,²

к.э.н., доцент.

e-mail: zeynegul.yesimkhanova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2451-0385

Г.О. БАЙДӘУЛЕТОВА,³

М.Э.Н.

e-mail: amaniyazova_2020@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2595-8106

М.Б. ЧЕМИРБАЕВА,⁴

М.Э.Н., ст. преподаватель.

e-mail: mergul_b@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6337-8057

¹Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

²Каспийский государственный университет технологий

и инжиниринга им. Ш. Есенова,

г. Актау, Казахстан

³Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова,

г. Шымкент, Казахстан

⁴Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

УПРАВЛЕНИЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

Аннотация

В целом экономическая безопасность означает качественное удовлетворение потребностей населения в характере национальной экономики. Сегодня одним из приоритетных вопросов можно назвать продовольственную безопасность. Полный охват населения продуктами питания и определяет его активность в течение жизненного периода. Вместе с тем в обеспечении экономической стабильности показывает политическую независимость государства. Поэтому если ни одно государство не стремится к качественному полному обеспечению продовольственной безопасности своего народа, нельзя говорить о других соображениях безопасности, то есть о политической, экономической, национальной безопасности. Вопросы продовольственной безопасности государства являются основными условиями обеспечения общей безопасности населения. В этом контексте государство реализует планы, позволяющие обеспечить продовольственную безопасность, повысить показатели продовольственного обеспечения, снизить затраты населения на продовольственные товары и обеспечить потребителей безопасной продукцией. В данной статье анализируются факторы, влияющие на состояние экономической и продовольственной безопасности страны, произошедшие в мире. Основные угрозы экономической безопасности оказали значительное влияние на Республику Казахстан. Следует отметить, что любая из этих мер безопасности требует фундаментального анализа соответствующих концептуальных предложений и разработки мероприятий, связанных с государством и бизнесом. Поэтому целью статьи является всестороннее обсуждение вопросов экономической и продовольственной безопасности и подведение итогов. В процессе изучения состояния продовольственной безопасности применялись экономические, аналитические, статистические методы, ориентированные на системную направленность. Выводы исследования могут быть использованы в целях социального и экономического развития страны, в мероприятиях по борьбе с пандемией.

Ключевые слова: экономика, экономическая безопасность, продовольственная безопасность, управление, пандемия.

A.N. ZHANBYRBAYEVA,*¹

PhD.

*e-mail: zhanbyrbaeva2022@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9089-1737

B.S. SAUBETOV,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: zeynegul.yesimkhanova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2451-0385

G.O. BAIDAULETOVA,³

master.

e-mail: amaniyazova_2020@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2595-8106

M.B. CHEMIRBAYEVA,⁴

master, senior lecturer.

e-mail: mergul_b@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6337-8057

¹Narxoz University,

Almaty, Kazakhstan

²Yessenov University,

Aktau, Kazakhstan

³M. Auyezov South Kazakhsatn University,

Shymkent, Kazakhstan

⁴Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

FOOD SECURITY MANAGEMENT IN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF A PANDEMIC

Abstract

In general, economic security means high-quality satisfaction of the needs of the population in the nature of the national economy. Today, one of the priority issues for environmental reasons, etc., can be called food security. That is, physiologically complete coverage of the population with food determines its activity during the life period. At the same time, it shows the political independence of the state in ensuring economic stability. Therefore, if no state strives for a high-quality full provision of food security for its people, it is impossible to talk about other security considerations, that is, political, economic, national security. The issues of food security of the state are the main conditions for ensuring the general security of the population. In this context, the state is implementing plans to ensure food security, increase food security indicators, reduce the costs of the population for food products and provide consumers with safe products. This article analyzes the factors affecting the state of economic and food security of the country that have occurred in the world. The main threats to economic security have had a significant impact on the Republic of Kazakhstan. It should be noted that any of these security measures requires a fundamental analysis of the relevant conceptual proposals and the development of measures related to the state and business. Therefore, the purpose of the article is a comprehensive discussion of economic and food security issues and summing up. Based on the study of the state, the state of food security, economic, analytical, statistical methods focused on a systemic orientation were used. The findings of the study can be used for the social and economic development of the country, in measures to combat the pandemic.

Key words: economy, economic security, food security, governance, pandemic.